

6D010700-Бейнелеу өнері және сызу мамандығының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Абижанова Асем Шаймерденовнаның «Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы

Қазақстанның әлемнің үздік отыз елінің қатарына және дүние жүзінің жоғары білімді елдерінің қауымдастығына енуі жағдайында, заманауи өркениеттік өзгерістер барысында бүгінгі дәуірдің әлеуметтік сұраныс мәртебесіне ие болатын бәсекегеқабілетті тұлғаның рухани, шығармашылық тұрғыдан дамуына қажеттілік артып отыр.

Өйткені, тұлғаның шығармашылық даму деңгейі құндылық бағдарларға, мәдениетке, кәсіби іс-әрекет нормаларына ықпал етеді. Шығармашылыққа бағытталған ақпараттың басымдығы жағдайында адам бірқатар «тұлғалық негізді» меңгеруі керек. Мұндай «негізді» қалыптастырып, игеруге көмек беру – жоғары оқу орнының маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан да ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты болып «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру; тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу барысында жалпы адамзаттық құндылықтарға мән беру; ғылымның ел экономикасына қосатын үлесін ұлғайту» табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында (2 қыркүйек, 2019 ж.) шын мәнінде, педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі жоғары болуымен қатар педагогика саласында жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, тұрақты өзін өзі жетілдіруге бағыт алған, рухани дүниесі бай, шығармашыл тұлға, оның кәсіби шеберлігі әдістемелік жұмыстағы шеберлігімен ұштасып, ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесін таратып жүрген ұстаз ретінде көрінуі шарт екендігі айтылған.

Өйткені, кәсіби білікті және шығармашыл ұстаз ғана бәсекегеқабілетті ұрпақты қалыптастыра алады.

Оған қоса болашақ мұғалімнің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамытуда ұлттық кесте өнерінің мүмкіндіктерін пайдалану зерттеу проблемасының өзектілігін тереңдете түседі. Өйткені ұлтты кесте студенттердің кәсіби-тұлғалық қасиеттерінің дамуына, көркемдік білімдерінің кеңеюіне, шығармашылығының шыңдалуына, көркемдік-шығармашылық дамуына алып келеді.

Осы тұрғыдан алғанда Әсем Абижанованың ұсынып отырған диссертациялық зерттеуін қоғамның сұранысынан шығатын, заман талабына сай, дер кезінде орындалған көкейкестілігі жоғары еңбек деуге болады. Оны диссертацияның мазмұны айғақтайды.

2. Диссертацияға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелері

Зерттеу барысында ізденуші мынадай нәтижелерге қол жеткізген.

1 Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың теориялық негіздерін айқындалған;

2 Ұлттық кестенің мазмұны мен көркемдік-шығармашылық мәні анықталған;

3 Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған;

4 Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың әдістемесі жасалған және оны ендіру бойынша ұсыныстар берілген.

Диссертацияда алынған нәтижелер 6D010700-Бейнелеу өнері және сызу мамандығына сәйкес келеді.

3. Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларын негізделу және шынайылық дәрежесі

Осы аталған ғылыми нәтижелердің негізділігімен шынайылығы ізденушінің философия, педагогика, психология ғылымдары саласында студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту, ұлттық кесте өнерін оқыту мәселесіне қатысты орындалған шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге талдау беру негізінде «студенттің көркемдік-шығармашылық әлеуеті» ұғымының мәнін нақтылауымен; мәдениеттану, этнография, қолөнер саласындағы еңбектерде берілген халықтың қолөнер кәсіпшілігіне, соның ішінде ұлттық кесте өнеріне үйрету дәстүрлерін, заманауи технологияларын терең талдау негізінде ұлттық кестенің тұлғаның көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамытудағы мәнін нақтылауымен, мазмұнын толықтыруымен; ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасауы негізінде студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауымен және оны жүзеге асыру әдістемесін әзірлеуімен қамтамасыздандырылады.

4. Докторанттың диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Жоғарыда аталған әрбір ғылыми нәтиженің жаңалығына тоқталатын болсақ, ізденуші шетелдік және отандық әдебиеттерге талдау жасау арқылы студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту проблемасының зерттелу деңгейіне аса мән берген. Мәселен, докторант әдебиеттерде бірқатар ғалымдар тұлғаның шығармашылық әлеуетін адамның дербес бағдарламасының негізі ретінде қарастырса (Н.П.Дубинин), басқалары кіріктірілген тұлғалық қасиет, тұтас тұлғалық

сипаттама ретінде түсіндіреді (А.М.Матюшкин, С.Г.Глухова, М.В.Корепанова), үшінші біреулері білім, білік, сенім секілді қасиеттердің жиынтығы деп есептейді (С.Р.Евинзон, Т.Г.Браже, Л.Г.Устинова) (В.Г.Рындак) деп көрсете отырып, тұлғаның *әлеуетін психологиялық ресурс* ретінде қарастыратынын негіздейді. Өйткені ол тіршілік әрекеті барысында оны жүзеге асыру белгілі, тұлға тұрғысынан маңызды тұлғалық жетістіктерге алып келетіндігін дәлелдейді (Дисс.: 1.1).

Кең талдаулары мен дәлелдеулері негізінде диссертант *«көркемдік-шығармашылық әлеует – адамның белгілі бір көркемөнер туындысы негізінде эмоционалды-эстетикалық шығармашылық бағыттағы белсенділігі мен тұлғалық қасиеттерінің кіріктірілуін анықтайтын ерекше психологиялық құрылым»* деп, нақтылайды (Дисс.: 1.2).

Студенттердің ұлттық кестені оқыту үдерісінде көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамытуда жетекшілікке алынатын әдіснамалық тұғырларды *жүйелік, іс-әрекеттік, тұлғалық, акмеологиялық, аксиологиялық, мәдениеттанушылық, этнопедагогикалық* деп айқындауы да диссертанттың зерттеуінің әдіснамалық тұрғыдан негізділігін дәлелдейді (Дисс.: 1.3).

Осы айтылғандар оның *бірінші нәтижесінің жаңа* екендігін дәлелдейді

Докторанттың екінші қол жеткізген нәтижесі – жаңа. Ол қолөнер, технология саласындағы еңбектердегі ұлттық кестені үйрету, оқыту тұжырымдарын зерттеуі мен оның нәтижелерін негізге алуы көңілге қонымды шыққан (Дисс.: 2.1).

Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуеті *мотивациялық-құндылықтық; танымдық-мазмұндық; іс-әрекеттік-өнімділік; рефлексиялық-бағалаушылық* құрамдас бөліктерден тұрады және оларды дамытудың жетекші құралы болып ұлттық кесте өнері саналады (Дисс.: 2.3).

Әсем Абижанова ұлттық кестенің пайда болуы мен даму тарихы, ұлттық кестеде бейнеленетін өрнектер мәні, ұлттық кестенің дамуында қалыптасқан салт-дәстүрлер, ұлттық кестенің бұйымдарға салынуына қарай және орындалу техникасына қарай жіктемелерінің ерекшелігі, сондай-ақ олардың терең мазмұны - көркемдік, танымдық білімдерді құрайтынын негіздейді. Осыған сәйкес ұлттық кесте өнері тұлғаның көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамытудың құралы бола алатынын дәлелдейді (Дисс.: 2.2).

Диссертанттың үшінші нәтижесін де жаңа деп қабылдауға болады. Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі *мақсаттық, мазмұндық, оқу ортасы, ұйымдастырушылық және диагностикалық* бөліктерден құрастырылуын әбден қолдауға болады. Әсіресе, осы модельдің диагностикалық бөлігінде студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетінің ұлттық кестені оқу үдерісінде дамуының төрт өлшеміне сәйкес төрт деңгейін *бағыттылық эвристикалық; белсенділік;*

жасампаздық деп анықтауы да, оның өзіндік ғылыми көзқарасының қалыптасқандығын дәлелдейді.

Олай дейтініміз диссертант студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетінің ұлттық кестені оқу үдерісінде дамуының өлшемдері тұрғысынан 1) *ұлттық кесте шығармашылығына қызығушылығы*; 2) *ұлттық кесте шығармашылығын түсіну, талдау білімі*; 3) *ұлттық кесте шығармашылығына эстетикалық-эмоционалдық қатынасы*; 4) *ұлттық кесте шығармашылығын бағалау және жеке жаңа тыуындылар жасау білігін* айқындайды. Оған сәйкес төрт деңгейін: **бағыттылық** (көркемдік-шығармашылық әлеуетінің төмен деңгейі); **эвристикалық** (көркемдік-шығармашылық әлеуетінің орта деңгейі); **белсенділік** (көркемдік-шығармашылық әлеуетінің жеткілікті деңгейі); **жасампаздық** (көркемдік-шығармашылық әлеуетінің жоғары деңгейі *анықтайды* (Дисс.: 2.3).

Бұл, айтылғанның бәрі, *біріншіден*, диссертанттың зерттеу проблемасының теориялық-әдіснамалық негізін жетік меңгергенін айғақтаса, *екіншіден* алынған *нәтижесінің жаңалығын дәлелдейді*.

Зерттеудің төртінші нәтижесінің жаңалығы сол, студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамытудағы педагогикалық мүмкіндіктерді жасау және оларды теориялық тұрғыда негіздеуі; бейіндеуші міндетті пәндер бағдарламаларының мазмұнына қосымшалар; «Ұлттық кесте өнері - тұлғаның көркемдік-шығармашылық әлеуетін дамыту құралы» атты элективті курс бағдарламасы және іскерліктерін қамтамасыздандыратын аудиториядан тыс іс-шараларды әзірлеуі, «Ұлттық кесте өнері» шеберханасының, «Компьютерлік кестелеу» бағдарламасының мазмұны және оларды жүзеге асыру әдіс-тәсілдерін қамтитын әдістемесі. Оларды оқу және оқудан тыс іс-әрекеттердің кіріктірілуінде жүзеге асыру студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетінің жан-жақты дамуына тиімді ықпал етеді.

Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту диссертант ұсынған *бағдарлау, танылу, даралану* кезеңдерімен жүзеге асырғанда нәтижелі болады (Дисс.: 3.1; 3.2).

5. Алынған нәтижелердің бірлігін бағалау

Ізденушінің зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нәтижелері *өзара ішкі бірлікпен*, әрбір бөлімдердің дара және идеялық байланыстылығымен, әр бөлім бойынша берілген ой-тұжырымымен, жұмыс қорытындысымен және автордың педагогика ғылымына енгізген жаңалығымен сипатталады.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Осы диссертациялық зерттеуде педагогика және психология мамандығы саласының бүгінгі таңдағы аса бір көкейкесті проблемасы алғаш рет шешімін тауып отыр. Еңбектің нәтижесін педагогика теориясында да, практикасында да үлкен сеніммен пайдалануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы 23 (жиырма үш) шетелдік және отандық ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектерде жарық көріп, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалған. Соның ішінде 4 мақала ҚР БжҒМ БҒССҚБК ұсынған ғылыми басылымдарда, 3 Scopus базасына енген басылымда, 9 халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, оның ішінде 5 алыс-жақын шетелдік халықаралық ғылыми конференцияда, 2 оқу-әдістемелік құралда жарияланды.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертация мазмұнына, рәсімделуіне байланысты мынадай ұсыныстар айтқымыз келеді:

- Диссертанттың эксперимент барысында «Ұлттық кесте өнері» шеберханасын жүргізуін аса құптаймыз, алайда оның мазмұны мен әдістемесін диссертацияда кеңірек баяндағанда, зерттеудің практикалық құндылығы арта түскен болар еді.

- Диссертацияның кей жерлерінде орфографиялық қателер кездеседі.

Көрсетілген кемшіліктердің шешімі жеңіл, сондықтан ғылыми талапқа сай жазылған еңбектің теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.

9. Диссертацияның сәйкес мамандық бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру ережелерінің қойылатын талаптарына сәйкестігі

Абижанова Асем Шаймерденовнаның «Студенттердің көркемдік-шығармашылық әлеуетін ұлттық кестені оқыту үдерісінде дамыту» тақырыбы бойынша дайындалған диссертация ҚР БжҒМ-нің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру тәртібі туралы ережелерінің» талаптарына сәйкестігін негізге ала отырып жазылған және оның авторы Абижанова Асем Шаймерденовна 6D010700-Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық.

Ресми рецензент,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
қауымдастырылған профессоры,
педагогика ғылымдарының кандидаты

13.05.2021м.

РАСТАЙМЫН:
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті
Қадр бөлімінің
бастығы

